

Сабақтың тақырыбы: Қыпшақ хандығы

Оқу мақсаты:

6.3.2.4 қыпшақтардың Еуразия тарихындағы орнын анықтау;

6.2.2.3 көшпелілердің әскери өнеріндегі жетістіктерін сипаттау;

6.2.1.3 тарихи оқиғалар мен процестердің сабақтастығын сипаттауда «Ұлы Дала» ұғымын қолдану

https://www.youtube.com/watch?v=7SNS_vAPYG8

Тапсырма:

1. X-XIIIғғ аралығында Еуразия аумағы қалай аталды:

Қыпшақтар аумағы

Жошы ұлысы

Дешті Қыпшақ

Дешті Қимақ

2. Жапондар «күншығыс еліміз», қытайлықтар «аспан асты еліміз», кәрістер «таңғы шық еліміз» деп санайтынды. 2015 ж қазақ даласы Елбасымыздың айтуымен қалай атала бастады:

« »

3. Берілген мәтінмен танысып,көшпелілерде,сондай- ақ қыпшақтардағы әскери ісіндегі жекпе-жектің 3 маңызын жазыңыз:



1.«Жекпе-жек – ұрыс не майдан алдындағы батырлардың жеке айқастары, оған қатысу батырлардың жауынгерлік борышы саналған. Өз ісіне машықты кәсіби жауынгерлер аз қантөгіспен, жеке айқастарымен соғыс тағдырын шешіп отырған. Жекпе-жекте жау батырын жеңу, батырлардың атағын шығарып, дәрежесін өсірген.

2.Жекпе-жекте жау батырын жеңу, батырлардың атағын шығарып, дәрежесін өсіретіндіктен, оған қатысу абырой да саналған.

Жеңімпаз батырлар әскердің, елдің ұранына айналып, жекпе-жек айқастарда қаза болғандардың есімдері өзі шейіт болған жерге қойылып, елі үшін жанын пида қылған ерлер есімі кейінге сақталып қалатын.

Жекпе-жекке шыққан батырлар ұрыс бастар алдында бір-бірінің есімін, елін сұрап, өздерін де таныстыратын, өйткені батыр үшін кімді жеңіп, кімнен жеңілгенін білуі өте маңызды. Кейін батырлардың атына мадақ айтылғанда, ол жеңген, өлтірген батырдың да аты аталып отырған. Батыры жеңілген жаққа да бұл кейін өзінің батыры үшін кімнен кек алу керектігін білу үшін қажет. Жекпе-жекке шығу аса батырлықты қажет ететіндіктен, оған қатысқан ерлердің атының аталуы, олардың даңқын өз еліне де, жауына да танытатын.

3.Жекпе-жекке батырлар көбіне өзімен дәрежесі тең адаммен шығады. Хан мен хан, қолбасшыға қолбасшы, атақты батырға тәжірибелі батыр т.с.с. Өзіне тең адам шықпаса, батыр айқастан бас тартуға хақысы болған. Бұл өз абыройын кетірмеудің, намысын түсірмеудің белгісі болғандықтан, ол қорқақтық саналмайды да, оның талабын екі жақ та мойындайды.» <https://sarbaz.kz/volno/koeshpel%D1%96lerd%D1%96ng-aeskeri>

1. (5 сөзден тұратын сөйлем)

2. (4сөзден тұратын сөйлем)

3. (5 сөзден тұрады)

1.

2.

3.